



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

---

PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

7. Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о создании на космодроме «Байконур» космического ракетного комплекса «Байтерек» от 2004 года.

УДК 302-5

## РЕСЕЙ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРІК ІЗДЕРІ. ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ТЕОРИЯМЕН ҰШТАСУЫ

**Карим Данияр**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Халықаралық қатынастар факультеті  
Ғылыми жетекшісі - Турунтаева А.А.

Евразиялық теория – Ресейде қалыптасқан философиялық-саяси бағыт, орыс мәдениеті мен Еуразия жазығындағы көшпелі империялар арасындағы кооперацияны меңзейді. XX ғасырдың 20-жылдары эмигранттық ортада пайда болды және екінші демі Кеңестер Одағының ыдырауымен жаңғырды.

Еуразиялық теорияның түп тамыры XIX ғасырда, бұл кезде Ресей философиялық бағыты екіге бөлінді: батыстық және славянофилдік.

Бұрынғы Кеңес Одағының мемлекеттері өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, ұмытылып қалған бұл философия қайта жаңғыра бастады. 2000 жылы Ресей Федерациясының президенті болып В.В Путин сайланғаннан кейін, Ресей саяси векторы толығымен бұрынғы Одақ мемлекеттеріне бұрылды, соның ішінде Орталық Азия мемлекеттері бар. Осылайша мемлекеттер арасындағы тарихи, мәдени жақындастық, бауырластық идеялары алға тартыла бастады.

Осылайша еуразиялық теория популяризацияға ұшырады, бұл теорияның негізі Ресей мен Орталық Азияның көшпелі тайпалары ортақ тамыр және мәдени бірлік қалыптастырған деген ойда жатыр. Бұл философияның жаңа заманда дамуына Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев зор үлесін қосты. Бұған дәлел ретінде Назарбаевтың Мәскеу қаласындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқылған лекциясын айтуға болады [1]. Ресей Федерациясының президенті В.В. Путин және Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев тарихи әділеттілікті қалпына келтіріп, достық және бірлік атмосферасын жасап берді. Еуразиялық теорияның негізгі концепциясын ұлы тарихшы Л.Н. Гумилевтің еңбектерінен сусындады. Оның «Этногенездің пассионарлық теориясы» атты еңбегі негізгі актуалды және шындықты бейнелейтін этностар дамуының теориясы болып табылады.

Ресей халықтары және Орталық Азия арасындағы мәдени бірлік туралы тек Гумилев жазған емес, сонымен қатар автор МуражАджи «Ұлы Дала»[2]және танымал қазақ әдебиетшісі және публицист, этнография және фольклор саласындағы көптеген зерттеулердің авторы Сүлейменов Мұхаммед-ХалелТөлеубайұлының «Жасау ізі ілімі және Шыңғыс хан ілімінің бастамасы» атты еңбектерін атап кетуге болады. Мурад Аджи еңбектерін жалған ғылыми деп танығанымен, оның бұл көқарасы еуразиялық философиясына жақын екенін ескертіп кеткен жөн.

Орыстар және Орталық Азияның көшпенді түрік тайпалары мәдени және экономикалық салада тығыз қатынаста болды. Бұл ұстанымды орыс және еуропалық тарихи құжаттар растап отыр. Мысалға Еуропа карталарында Ресей және Орта Азия, Оңтүстік Азияның бір бөлік аймақтары «Тартария» деген ортақ есіммен, бір мемлекетке балап сызылып кеткен. Орыс халқы мен түріктер арасындағы байланыстың тағы бір дәлелдемесі, Шыңғыс хан әулетінен шыққан ақсүйектер тек Орталық Азияда ғана емес, Ресей тағында да отырғандығы. Танымал князьдік әулиеттердің түпкі жағын қазып қарасаң, түрік шығады. «Поскреби любого русского, найдется татарин» деген орыс мақалы жайдан-жай айтылмаған екен. Мысалға, князьдік әулиет Қасымовтар, Годуновтар, Бигелдеевтар тікелей және хақ

дәлел болып табылады. Кейбір пікірлер бойынша Иоанн Грозныйдың анасы татар руынан шыққан, Қырым ханы Керейдің қызы болған. Қазба жұмыстар нәтижесінде Иоанн Грозныйдың соғысқа арналған бас киімі табылған болатын, бұл бас киім маңдайында араб әріптерімен жазулар бейнеленген. Бұдан ертерек өмір сүрген Александр Невскийдің бас киімінде сондай араб әріптерімен бейнеленген жазулар табылған[3]. Арабшадан аударғанда «Алла бізді соғыста қолдасын» деген жазу екен. Бұл патшалардың шыққан тектері түріктер деген еріксіз ой келеді. Сонымен қатар, Кремльдің, Русь және Ресей империясы кезіндегі басқа да архитектуралық ғимараттар, сарайларды қарасаңыз, бұлар Аштархан, Сібір, Қазан ұлы хандарының сарайларына өте ұқсас. Бұл Ресей мен Түрік мемлекеттері арасындағы мәдени жақындықты меңзейді. Орыс мәдениеті, орыс салты және ғұрпы өздеріне бауырлас келетін батыс славян халықтарына қарағанда, көршілес жатқан түрік халықтарымен өте ұқсас келеді. Бұны байқау аса қиындыққа соқпайды. Айта кетсек Ресей батыс және шығыс мәдениеттерінің қиылысында орналасқан.

Гипотезалық мәліметтер бойынша IX ғасырда Русь территориясында Орыс қағанаты орналасқан. Хронологиялық жағынан бұл мемлекет Ежелгі орыс мемлекетінен бұрын пайда болған. Рустардың патшасы «қаған» деген атқа ие болған. Бұл лауазым түрік қағандарынан алынған. Бірақ бұл мемлекеттің шын мәнінде болғандығы туралы мәліметтер жоқтың қасы. Солай болғанның өзінде-ақ бұл мемлекеттің болғандығы туралы жеке үзік деректерден анықтауға болады.

Казактар тарихын да бір дәлел ретінде келтіруге болады. Казак дәстүрі де түрік халқымен тікелей байланысты. «Казак» сөзі түрік тілінен аударғанда «тәуелсіз», «еркін» деген мағынаны білдіреді. Казак жауынгерлері түріктер секілді бостан, тәуелсіз өмір салтын кешкен. Менің ойымша еуразиялық философия өз идеяларын осы тарихи деректерден алды деп айтуға болады.

Тіл жағынан қарайтын болсақ көп орыс лексиконындағы сөздер түркі тілінен алынған. «Калита», «богатырь», «казна», «башмак», «сазан», «утюг» т.б. сөздерді айтуға болады.

Бір Русь патшасы Калита деген лақап атқа ие болған. Иван Калита. Калита түрік тілінен аударғанда «қалта» деген мағынаны білдіреді. Оны былай атау себебі Алтын Орда үшін салық жинауында болды.

Қай заманда болса да Ресей мәдениеті, салты, діні, тілі, қоғамы батыс үлгісінен оқшау болды, батыс мемлекеттері де Русь патшалығын кейін Ресей империясын батыс мемлекеті, еуропалық құндылық шеңберіне кіргізбеді. Ресей империясы батыс мемлекеттері үшін бір алып қатердей болды. Кейінгі Кеңестер Одағы да алдындағы империяның кезін киді. Сол кездегі кеңестер одағының билікке келгенінің өзі, Петр I қалап кеткен еуропалық үлгінің, құндылықтарының ресей халқы үшін жат болғанының бірден-бір дәлелі.

Еуразияшылдықтардың «коммунистік төңкеріске» оң жағынан қарауының себебі де осы, «Қызыл төңкеріс» олардың көздерінде өкілдеріне жат батыстық жүйенің құлауына себеп болған ұлы кезең. Еуразиялық теория батысшылдық һәм славянофилдық идеяларымен ұштаса бермейді. Батысшылдар ресей еуропамен тығыз байланыста болады десе, славянофилдық идея өкілдері ресейдің өзіне тән спецификалық мәдениеті және өмір салты бар деген ой ұсынады. Ал еуразияшылдарға келетін болсақ олар ресей және орыс халқы тарихын «Туран» өркениетімен тығыз байланыстырады.

Өз жеке ойымды айтатын болсам батысшылдармен келіспейтін себебім еуропаға жақын тек ресей аристократиясы болды. Ресей патшалары, барондары, помещиктері ғана еуропа тілдерінде сөйледі, батысша киінді, батыс құндылықтарын өздеріне сіңірді. Ал қара халыққа келетін болсақ аталарынан қалған ескі салтты, тілді, өмір ұстанымдарын сақтап қалды. Славянофилдық оймен келіспейтін себебім жоғарда айтқандай халықтың сана сезімінде, тілінде, салтында, дінінде түрік іздері өте көп. Оны жоққа шығару бейбақтық болар еді. Себебі бұл дәлелдемелер көзі көретін, еститін адамға айдан анық. Жалпы адамзат тарихына үңілетін болсақ еш жерде, еш халықта таза қан, таза ұлт деген болмаған. Белгілі бір кезеңдерде бір ұлт бір ұлтпен интеграцияға түседі, араласады, нәтижесінде ескі мен жаңа араласқан жаңа бір мәдениет пайда болады. Бұл өмір заңдылығы, бұны жоққа шығару

ақымақтық, кейін мұндай идеялар шовинисттік көзқарасқа ұласуы мүмкін. Ал еуразияшылдық теория өз халқының ерекшеліктерін ескере отырып, еш процестерді жоққа шығармайды. «Алтын орта» ретінде осы теория менің ойымша қарастыруға, зерттеуге лайық.

Жаңа ғасырдың басталуымен бұл теорияның актуалды екендігіне көз жеткізуге болады. Қазіргі Ресей Федерациясының экс-президенті Ельцин бастаған проеуропалық бағыт құрдымға кеткеннен кейін, ресей өкілдері өз бастауын батыстан емес, шығыстан іздеу керектігін түсінді. Қазіргі таңда Ресей Федерациясының азия елдерімен саяси, әскери, экономикалық интеграцияға тереңінен түсуі, кезінде қалыптасқан тарихи сана сезімнің қалдығы, мұрасы. Бұл жерде географиялық орналасуды да негізге алуға болады.

Орыс халқының басты дереккөзі ретінде бір өте қызықты құжат бар. Оның атауы «Слова о полкуИгореве»[4]. Бұл еңбекті зерттеу үшін көп орыс ғалымдары бас қатырды. Ондағы жазылған деректер славян тілдеріне жат грамматикалық тұрғыда жазылған, яғни бұл ескі орыс тілінде жазылған дерек. Бұл деректі толығымен зерттеп, аударған орыс ғалымдары емес, ең қызығы түрік тілдес ғалымдар болып шықты. Солардың бірі қазақ қайраткері Олжас Сүлейменов болып табылады. Ресей өкілдерінің бас қатырған, түсіне алмаған жат ескі орыс тілі қазақ адамына өте түсінікті, аударуға оңай болып шықты. Неге? деген сұрақ туындағанда, үңіліп қараса бұл тілдің түркі тілдерінен айырып алары шамалы болып шықты. Ескі орыс тілінің грамматикасы, сөздік қоры түркі тілдес адамға түсінуге оңай, ойға сіңімді болды. Яғни бұл көптеген теориялар мен ойлар тудырды. Қазіргі орыс тілінің басқа славян тілдерінен үлкен айырмашылығы болуын осымен түсіндіруге болады.

Орыс тілі	Беларус тілі	Украин тілі	Поляк тілі
Завтрак	сняданак	сніданок	sniadanie
налог	падатак	податок	podatek
взрыв	выбух	вибух	wybuch
утро	раніца	ранок	rano
движение	рух	рух	ruch
хорошо	добра	добре	dobre
труд	праца	праця	praca
страна	краіна	країна	kraj

1-кесте

Ал енді орыс тілін түркі тілдерімен салыстырып қарайық.

Орыс тілі	Әзірбайжан тілі	Татар тілі	Поляк тілі	Украин тілі
Кирпич	Кәргіс	Кирпеч	Cegla	цегла
карандаш	karandaş	карандаш	olowek	олівець
камыш	qamış	камыш	trzcina	очерет
очаг	osaq	учак	palenisko	вогнище
казна	xəzinə	казна	skarbiec	скарбниця
изюм	kışmış	йөзем	rodzynki	родзинки
чемодан	çamadan	чемодан	walizka	валіза
чердак	çardak	чарлак	poddasze	горнище


2-кесте

Жоғарыда көрсетілген кестелерге қарап бұл тұжырымдардың дұрыстығын аңғаруға болады.

Дініне келетін болсақ, орыс халқының түсінігіндегі «Православие» сөзі сол ағым пайда болған греко-византиялық ортада мүлдем қолданылмайды. Батыс шіркеуі яғни католиктер бұларды «ортодокстар» деп атайды, ал гректер өз ағымдарын «Шығыс Шіркеуі» немесе шығыс-грек христиан діні деп атайды. Христиан дінін ең алғаш мемлекеттік дін деп қабылдаған армян мемлекетінде «Армян Апосталдық шіркеуі» қызмет атқарады. Яғни орыс шіркеуінің басқаларға ұқсамаған өзіне тән ерекшеліктері бұл жерде көрініп тұр. ХҮІІ

ғасырдың орта шенінде Русь жерінде патриарх Никон бастауымен реформалау саясаты басталады. Реформадан бұрын болған православие дінінің ғұрыптарын өзгертіп, гректік жүйеге өтуі туралы қаулы қабылданады. Бұған наразы болған қара халықтан шыққан бір топ адам шіркеуден бөлініп, ескі ғұрыптарды сақтап қалуға тырмысады. Бұларды «старообрядтықтар» яғни «ескіғұрыптылар» деп атап кеткен. Бұл жерде Хантингтонның «Өркениетаралық қақтығыс»[5] еңбегін негізге алуға болады. Егерде грек дәстүрі мен орыс христиан дәстүрі арасында айырым шамалы болатын болса мұндай реформалар елеусіз кетуі керек еді ғой, бірақ екі дәстүрде бір бағытта, яғни шығыс православиелік бағытта болғанына қарамастан бір шіркеу қақ екіге айырылды, тіптен реформалауға қарсы шыққан ескішілдерді қуғын-сүргінге ұшыратуға дейін барды. Бұл дегеніміз Орыс Православие Шіркеуінің басқа сол бағыттағы шіркеулерден айырмашылығы өте терең екендігін аңғаруға болады. Әлі күнге шейін ескішілдер қауымы ресейдің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатыр. Және де бұл қауымдастықтар мүлдем оқшау, адам аяғы баса бермейтін жерлерде мекен етеді. Мұндай изоляцилық өмір салты, шеттен, яғни гректерден алып келген христиандық жүйе орыс халқына тіптен жат екендігін түсінуге болады. Қазіргі күнге дейін мұндай қауымдастықтар ресми деп қабылданған Орыс Православие Шіркеуін мойындамайды. Сонда христиан дінінің орыс жүйесі қайдан пайда болды? Неге орыс христиандары басқа христиандардан сонша оқшау және ассимиляцияға түспейді? Жауапты айтылып кеткендей шығыстан іздеп қарайық.

Тарихты негізге ала отырып, орыс халқы ұзақ жылдар тіптен ғасырлар бойы түрік тектес тайпалардың бодандығында болды деп айтсақ қателеспейміз. Орыс даласын мекен еткен, басқарған қыпшақтар, печенегтер, бертін келе моңғол-татарлар бұл халықтың жоғарыда айтылып кеткендей салт-дәстүріне, тіліне, сана сезіміне, сонымен қатар дініне де өз қолтаңбасын қойып кетті. Кез-келген дінді алатын болсақ, белгілі бір ортада ол ассимиляцияға түседі. Араб халқының түсінігіндегі ислам діні мен түрік, кавказ түсінігіндегі ислам діні мүлде басқа. Себебі, сол ортаға енген дін сол халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін өзіне сіңіріп алады. Соның нәтижесінде сол дін мен сол өңірде бұрын болған ескі діни ағымдар симбиозға түсіп, діннің сол халыққа тән бағыты пайда болады. Орыс халқының наным-сенімдерінде түркі тайпаларының ізі болғандықтан симбиозға түскен христиан діні орыс халқына тән ерекше бағытқа айналды. Тіпті орыс шіркеулерінің архитектурасына қарайтын болсаңыздар, түркі исламдық дизайн анық көрініп тұрады.



1-суретте көріп отырғандай орыс шіркеуінің үлгісі, 2-суреттегі гректік шіркеу үлгісі. Айырмашылық жермен көктей. Керісінше орыс халқының сәулет өнері исламдық сәулет өнеріне өте ұқсас. Және де суретте орыс шіркеуінің төбесінде орналасқан крест астында ислам өркениетінің сипаты айшық орналасқан. Бұны орыстар кімнен алады? Айдалада жатқан арабтардан емес, көршілес орналасқан, бір нанды бөліп жеген түркі халықтарынан сіңіріп алғаны анық.

Осының бәрін ескере отыра, еуразияшылдық ойдағы ғалымдар таза орыс ұлты, ерекше оқшау өркениет деген ойды ұсынған славянофилдерді, орыс халқы, орыс рухы батыспен шектелген деген батысшылдарды да толыққанды қабылдай алған жоқ. Тарихты, осындай анық заттарды дәлелдеп отырған деректемелерді жоққа шығару шовинисттік, империалисттік көзқарастағы тұлғалардың қолынан келген жоқ, барынша тырысып бақса да. Бұл жерде бірнеше халықтардың тарихы қайнап жатыр, соның ішінде қазақ халқының да.

Тәуелсіз Қазақстанда мекен етіп жатқан этностардың ішіндегі орыс этносы ең көбісі. Сол ұлттармен бейбітшілікте, толығымен түсіністік пен достық қарым-қатынаста өмір сүріп жатқандығымыз, түпкі тамырымыздың бір болғандығында, бір өркениеттің қазанынан қайнап шыққанымызда деп түсінемін.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. <https://www.caravan.kz/.../nursultan-nazarbaev-rasskazal-o-perspektivakh-evrazijskoj>.
2. Мұрад Аджи. Қыпшақтар, Ұлы дала және түріктердің ежелгі тарихы. Гумилев Л. Ежелгі түріктер, Алматы, 1994.
3. К проблемам изучения истории евразийства // Вестник КазНУ. Сер.историческая – Алматы, 2007, №3(46). – 31-33 бет.
4. Сулейменов О. Слова о полку Игореве [www.rulit.me/books/az-i-ya-kniga-blagonamerennogo-chitatelya-read-154467-1.html](http://www.rulit.me/books/az-i-ya-kniga-blagonamerennogo-chitatelya-read-154467-1.html)
5. Хантингтон С. «Столкновение цивилизации // Полис.-1994. -№1.

УДК 303-5

### **К ВОПРОСУ ОБ ОСОБЕННОСТЯХ СЕВЕРОАМЕРИКАНСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ**

**Карменова Дина Серікқызы**

[dina\\_karmenova@mail.ru](mailto:dina_karmenova@mail.ru)

Студент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель –Ибрагимова Г.Е.

Интеграционный процесс, который первоначально развивался только в считанном количестве регионов мира, за последние годы охватил почти все страны и континенты, и привел к образованию многочисленных региональных и субрегиональных торгово-экономических групп. По данным Всемирной Торговой Организации, сегодня насчитывается около 134 реально действующих региональных торгово-экономических соглашений. При этом только 90 из них были образованы после 1995 года. Следовательно, в современной международной экономике наблюдается своеобразный «интеграционный бум»[1].

Региональные интеграционные группировки могут различаться по глубине и характеру их интеграционной стратегии, кроме того, по институциональному устройству, сферам и масштабам их деятельности, а также по количеству государств-участниц соглашения группировки.

Интеграционный процесс характеризуется определенными сущностными признаками, которые в общности отличают его от других форм экономического взаимодействия стран. Во-первых, это устранение ограничений в движении товаров, а также услуг, капиталов, людских ресурсов между странами –членами группировки, а также согласование и выбор общей экономической политики стран-участниц. Во-вторых, это взаимопроникновение и переплетение национальных производственных процессов, формирование в рамках региона технологического единства производственного процесса и сближение национальных законодательств, норм и стандартов.

Кроме того, также прослеживается целенаправленное регулирование интеграционного процесса с помощью развития органов управления хозяйственным взаимодействием региональность пространственных масштабов интеграции [2, с.36-37].

С 1 января 1994 г. на территории США, Канады и Мексики вступило в силу Соглашение о создании Североамериканской зоны свободной торговли (НАФТА). Исходя из исторического опыта, торгово-экономические отношения между тремя странами были и до сих пор остаются главным фактором развития североамериканского хозяйственного комплекса.